

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**S81**

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М.* - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке

*Сапаргалиев Д.Б.* – PhD, зам. директора Управления по науке

*Никифорова Н.В.* - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**S81**

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФРАНЧАЙЗИНГТІҢ ДАМУЫ**

Франчайзинг қазіргі таңда шағын бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең ықпалды тәсілдері болып табылады және Қазақстанда кеңінен дамып келеді. Қазақстандағы франчайзингтің дамуы отандық экономикаға бизнес жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізуге байланысты. Қазақстан аумағында франчайзингтің дамуы біркелкелкі емес екендігі айқын, себебі франчайзингтік модельді пайдалану тиімділігі белгіленген аумақ нарығындағы бизнестің даму деңгейі мен экономикалық жағдайына тікелей бағынышты. Аумақтық аспектіге қатысты айтсақ – бүгінгі күнде Қазақстандық аймақтардың тек бірнешеуі ғана кең көлемде қолдануда. Ең алдымен олар, ірі экономикалық орталық – Алматы мен Астана.

Статистикаға сәйкес Қазақстандағы франчайзингтің ең белсенді бизнес-технологиясы ақырғы бес жыл көлемінде танылды, бұл ретте франшиздік ұсыныстар сапасы жақсарады, технологиялар күшті және коммерциялық жағынан ұтымды болып келеді.

Сарапшылардың ойынша жуырда франчайзинг жүйесін қолдану келесі бағыттар бойынша ұлғаяды деп күтілуде: ақпараттық технологиялар аясы, туристтік бизнес, қонақүй бизнесі, ойын бизнесі, автокөліктерді сату, жалға алу және сервистік қызмет көрсету аясындағы қызметтер.

Сонымен қатар сарапшылар мультибрендті компаниялардың пайда болуына және нарықтың бірнеше сегменттерінде олардың істерінің қатарластыра дамыту үрдісі байқалады деуде.

Қазақстанда 150-ден астам серіктестік жүйелер 2012 жылы салынған, 1000 франчайзинг нысандары 2014 жылғы 3 тоқсаннан бастап пайдалануға берілген, нарықта 330-дан астам франчайзингтік желілер табысты жұмыс атқаруда. Ол жылдық айналымы 550 млн. долларды құрайтын франчайзинг нысандарының 33000 астамын құрайды. Сондай-ақ нарықта ұлттық брендтер пайда болды және ақырғы жылдары Қазақстан үшін ресейдің франчайзинг ұсыныстар саны бірнеше есеге өсті [1].

Алғаш франчайзингтік бизнес идеялар Қазақстанға әлемдік Coca-Cola брендімен қатар келді. Осылайша

Қазақстанда франчайзинг тарихы басталды. Сол жылы «Рахат-Палас» қазақстандық отелі ашылды, ол «Hayatt Regency» халықаралық желісіндегі франчайзингтік брендпен жұмыс істей бастады. 90-жылдары Қазақстандағы көптеген бизнес идеялар нақ франчайзинг арқылы алға баса бастады, көбіне бұл желі бойынша сәнді киімдер бутиктері ашылды.

1999 жылы «Анкара» қонақ үйі іске қосылды, ол қазіргі таңда InterContinental желісінің франшизасы бойынша жұмыс жасайды. Сол жылы Алматыда Ресейлік субфраншиза бойынша алғаш «Баскин Роббинс» кафеі ашылды. Сол уақытта «Рамстор» да өз есігін ашқан, ол кейіннен гипермаркеттердің франчайзингтік желісін құрды.

Қазақстандағы франчайзингтің белсенді дамуы 2002 жылы белең алды. Осы жылы франчайзинг туралы заң шықты және ҚФА құрылды – Қазақстандық франчайзинг ассоциациясы, сондай-ақ мақсаты ұлттық брендтерді құру болып табылатын Қазақстан франшизаларын тудыру жобасы іске қосылды. Халықаралық франчайзинг Ассоциациясы вице-президентінің келуі ұйымдастырылды, ол америкалық франчайздар мен қазақстандық кәсіпкерлердің арасында іскерлік қарым-қатынастың орнауына ықпал етті.

3 жыл өткен соң 2005 жылы бірінші мамандандырылған көрме өтті [2].

Франчайздік ұсыныстар Қазақстан үшін ұлттық бизнестің бөлінбес бөлшегі ретінде қалыптасты. Үкімет франчайзингті қаржыландыру бағдарламасын жүргізді. Мемлекеттік қолдау бойынша шаралар кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған көптеген бағдарламаларға кіреді. 2003-2007 жылдардағы кезеңде франчайзингтің жылдық айналымы Қазақстанда 3 есеге өсті. Франчайзингтік компанияларда құрылған жұмыс орындарының саны артты. Алайда республикамызда барлық франчайзерлерді тіркейтін біріңғай ұйым жоқ, сол себепті бұл сала бойынша статистика жуықтап алынған.

Қазіргі заманда Қазақстан бойынша әлемдегі нысан – франчайзінгі табысты дамытудың барлық мүмкіндіктері бар. Бұл: еркін түрде франчайзингке қатысты экономиканың тез өсуіне, кіші және орта бизнесті үлесінің ұлғаюына, бизнес-технологияның озық үлгілерін енгізуге және тағы басқаларға оң септігін тигізуде.

Қазақстан – франчайзинг аясында арнайы заңмен жүзеге асырылатын аздаған мемлекеттердің бірі. Сонымен қоса, Қазақстанда франчайзинг «Кешенді кәсіпкерлік лицензиясы туралы Заң» АК негізінде реттелген. Бизнес-нысанның дамуы келесі ұйымдардың: Қазапатент – Жекеменшік интеллектуальдық Институты, CAFLA-Орталық-Азиялық франчайзингті дамыту бойынша агенттік, кіші бизнесті дамыту Даму-Қоры – қазіргі уақытта франчайзиді жеңілдікпен несиелендіру, ТКА-Тәуелсіз Кәсіпкерлер Ассоциациясы Қазақстанда франчайзингті кеңінен дамыту мақсатында семинарлар өткізеді, көрмелер ұйымдастырады.

Франшиза Қазақстанда саяси және экономикалық қолайлы жағдайларға қарамастан кедергілерге кездесулері мүмкін. Олардың ішінде: Қазақстанда бизнесті жүзеге асыру үшін жылжымайтын мүліктер бағасының жоғары болуынан аз ақтауы, мемлекеттік жеңілдіктердің болмауы, интеллектуалдық меншікті қорғаудың жеткіліксіздігі, қазақстандық кәсіпкерліктің көлеңкелігі, сонымен қоса, франчайзинг туралы ақпараттардың әлі де болса аздығы, нарық қорының дамымауы, франчайзингтің халықаралық нарықта қазақстандық бизнесмендердің халықаралық франчайзинг нарығында белсенділік позициясын танытпаулары, халық санының және талап ету нарығының аздықтары кері әсерлерін тигізуде. Тағы бір мәселе – Қазақстанда франшиза несиеге сатып алу мүмкіндігі жоқ.

Қаржылық проблемаларға қарамастан, Қазақстанда франчайзинг бойынша бизнес идеясы жүзеге асырылуда. Адамдар инвестициялық пұл құруда, туысқандарымен бірлесе отырып, дүкендер, кафелер, дәріханалар ашуда.

Қазақстанда мейрамхана франшизы және тауарлық франчайзинг кеңінен орын алуда.

Бағыттағы тағы бір негізгі ерекшелік – бұл сублицензионность. Халықаралық бренд иелерінің көпшілігі өздігінен жергілікті кәсіпкерлермен тікелей бірлесе жұмыс істеуге ниет білдірмейді, сондықтан, ресей және түрік компаниялары арқылы іскер-франшизолармен (субфраншизолармен) жұмыс істейді. Қазақстандық франчайзи бұл жағдайда субфранчайзи болып табылады.

Қазақстандағы франшизды дамытудың тағы бір ерекшелігі ірі компаниялардың ұсақ компаниялармен бірлесе жұмыс істеулерінің де өз әсерлері бар. Франчайзинг брендін жеткізу, танымал және беделді кәсіпорындардың орта және шағын фирмаларда қарастырылған. Қазақстанда франчайзинг нүктелеріне қарағанда ірі компаниялар жиі өздерінің филиалдарын ашады.

Қазақстанға қай мемлекеттен франчайзинг ұсынымдары түседі?

Ең алғашқылардың бірі болып танымалдығы бойынша әрине Ресей, екінші орында АҚШ франшизы иеленген. Ал 2007 жылға дейін бәрі де керісінше болған.

Қазақстанда өз бизнестерін 65 ресейлік франчайзер жүзеге асыруда. Олардың ішінде «Оранжевый слон», «33 пингвина», «Бегемотик», «Эконика», «Красный куб», «Шоколадница» және тағы басқалар. Жуық арада Қазақстан нарығында 30 ресейлік брендтерді шығару жоспарлануда.

Қазақстанда АҚШ-тың 36 сеті, Coca-Cola, Baskin-Robin, Burger-King, Hardee- s, KFC және тағы басқа 250 франчайзинг нүктесі кіреді. Американдық франшиздар айналым бойынша көптеген елдерді басып озды. Олар – франчайзинг айналымы бойынша ең үлкен үлеске ие. Мысалы, Баскин Роббин американ франчайзингіне ең үлкен үлес қосты, дегенмен, ресейлік компаниялар да алға жылжып келеді.

Ресей үшін АҚШ Қазақстан брендіне қатысу бойынша: Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия

«Европалық блок» 82 франшиз ұсынды, солар бойынша 276 нүкте ашты. Негізінен, сәндік бутиктер, сән салоны, иіссу дүкендері. Сонымен қатар, Қазақстанда өзінің бизнес идеяларын жалғастырып, Түрік, Израил, Жапония, Австралия және тағы басқалар инвесторлар құюда.

Мақтанышпен отандық франчайзинг «Құралай» Авторлық Жоғары Сән Үйі болып табылады. Танымал дизайнер және стилист Құралай Нұрқаділова өзінің брендін халықаралық деңгейге жеткізді, ол өз брендін Мәскеу мен Парижде ұсынды. Моделдері Escada, Valentino және Lacroix подиумдарының бірінде жарияланды[1].

Қазақстанда мемлекеттен тысқары бірнеше кафелер бар. Көптеген қазақстандық брендтер халықаралық нарыққа шығатын потенциалдарға ие.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Интернет портал развития предпринимательства [www.damu.kz](http://www.damu.kz)
2. Кисиков, Б. Франчайзинг в Казахстане. 2-ое издание. Алматы, Фонд «Иглик», 2011.